

"Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 130/НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 229/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 19 мамырда № 36123 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 130/НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32233 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

пreamble мынадай редакцияда жазылсын:

"Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 12) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 217) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қағидаларында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Таратылуы шектелген қызметтік ақпарат қорының мәліметтерін геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдың рұқсатымен беріледі.

Таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың мәліметтерін мемлекеттік органдарға, занды және жеке тұлғаларға беру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.";

11, 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне жоспарланып отырған жұмыс участкерінде жергілікті жерлердің геодезиялық және картографиялық

жағынан зерделенгендігі туралы тиісті мәліметтерді беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жазылған.

Қордың мәліметтерін ұсыну бойынша көрсетіletіn қызметтердің бағасы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес есептеледі.

12. Мемлекеттік көрсетіletіn қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетіletіn қызметті алушылар):

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі – көрсетіletіn қызметті беруші) мыналарды:

1) таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың материалдары мен геодезиялық деректерді алу үшін:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың материалдары мен геодезиялық деректерді алуға арналған қағаз нысандағы өтініш;

көрсетіletіn қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжатын (түбіртек);

2) ашық пайдаланудағы материалдар мен геодезиялық деректерді алу үшін www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы:

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ашық пайдаланудағы материалдар мен геодезиялық деректерді алуға арналған электронды құжат нысанындағы өтініш;

мемлекеттіk көрсетіletіn қызметке ақы төленгені туралы төлем құжатын (түбіртек) жібереді.";

15-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың материалдары мен геодезиялық деректерді алу үшін жұмыстардың көлемін айқындайды және көрсетіletіn қызметті берушінің жұмыскері бір жұмыс күні ішінде қарауында жоспарланған жұмыстар участкеріндегі жергілікті жердің геодезиялық және картографиялық зерделенуі туралы көрсетілген мәліметтер (бұдан әрі – мәліметтер) бар мемлекеттіk органға таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың мәліметтерін беруге сауал дайындауды және жібереді.

Қарауында көрсетілген мәліметтер бар мемлекеттіk орган сұрау салу келіп түсken сэттен бастап біr жұмыс күні ішінде көрсетіletіn қызметті берушіге таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың мәліметтерін беру мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы оң не теріс жауап жібереді.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Көрсетіletіn қызметті алушы осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген мерзімдерге төлем құжатын ұсынғаннан кейін көрсетіletіn қызметті берушінің

жұмыскері сегіз жұмыс күні ішінде мәліметтерді жинақтауға, жасауға кіріседі және қорытындысы бойынша:

таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың материалдары мен геодезиялық деректерді алуға жүгінген кезде таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың мәліметтері;

ашық пайдаланылатын материалдар мен геодезиялық деректерді алуға жүгінген кезде ашық пайдаланылатын мәліметтерді қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыскері бір жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға сұратылған мәліметтердің дайындығы және алу орны туралы хабарлама жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде, мәліметтердің дайындығы және алу орны туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушыға дайын мәліметтерді беру жеке куәлігін не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты және (немесе) өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхатты ұсыну бойынша көрсетілетін қызметті беруші Қор арқылы жүзеге асырады.
".

2-қосымша осы бүйрыққа 1-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы бүйрыққа 2-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы бүйрыққа 3-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық қеңістіктік деректер
корының мәліметтерін
қалыптастыру, жинау, сактау,
пайдалану және
беру қағидаларына
6-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэрогарыш өнеркәсібі
министрлігі "Ұлттық геодезия
және қеңістіктік
акпарат орталығы"

шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық
мемлекеттік қасіпорнының
бас директоры

(аты, әкесінің аты (бар болса)
тегі) _____

жеке тұлғаның аты, әкесінің аты

(бар болса) немесе занды

тұлғаның толық атауы

";

7-қосымша осы бүйрыққа 4-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс қүні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

Ж. Мадиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш

өнеркәсібі министрі

2025 жылғы 16 мамырдағы

№ 229/НҚ бұйрығына

1-қосымша

Ұлттық кеңістіктік деректер

қорының мәліметтерін

қалыптастыру, жинау, сақтау,

пайдалану және беру

қагидаларына

2-қосымша

Мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	<p>"Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне жұмыс жоспарланған участкерліндегі жергілікті жерлердің геодезиялық және картографиялық зерттелгендердің туралы мәліметтер беру"</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың материалдары мен геодезиялық деректерді алу; 2. Ашық пайдаланылатын материалдар мен геодезиялық деректерді алу.
2	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэрогарыш өнеркәсібі министрлігінің "Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан ері – көрсетілетін қызметті беруші).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	<p>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті беруші: таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың материалдары мен геодезиялық деректерді алады; 2) "Электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырады: <p>Ашық пайдаланылатын материалдар мен геодезиялық деректерді алады жүзеге асырады.</p>
4	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	(15) он бес жұмыс күні.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нысанды	<p>Қағаз түрінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың материалдары мен геодезиялық деректерді алу; <p>Электрондық (ішінара автоматтандырылған):</p>

		2. Ашық пайдаланылатын материалдар мен геодезиялық деректерді алу.
6	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесі	<p>Таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың материалдары мен геодезиялық деректерді алуға жүгінген кездे:</p> <p>таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты жоспарланған жұмыс участкеріндегі жергілікті жерлердің геодезиялық және картографиялық зерттелгендігі туралы мәліметтер не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде (таратылуы шектелген қызметтік ақпарат).</p> <p>2) ашық пайдаланылатын материалдар мен геодезиялық деректерді алуға жүгінген кезде: мәліметтер немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.</p>
7	Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>Қордың мәліметтерін ұсыну бойынша көрсетіletіn қызметтердің бағасы осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес есептеледі.</p>
		<p>1) көрсетіletіn қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мерекелер туралы зан) 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.</p> <p>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетеу</p>

Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі

нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден бастап 17.30-ға дейін белгіленеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетуіз кезек тәртібінде көрсетіледі;

2) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заннамасына және Мерекелер туралы заңының 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) уәкілді органның www.gov.kz/memleket/entities/mdai интернет-ресурсында;
2) порталда орналастырылған.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

Мемлекеттік қызметті берушіге:

1) таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың материалдары мен геодезиялық деректерін алу үшін: таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың материалдары мен геодезиялық деректерді алуға арналған өтініш; көрсетілетін қызметтерге акы төленгені туралы төлем құжаты (түбіртек);

Порталға:

2) ашық пайдаланылатын материалдар мен геодезиялық деректерді алу үшін: ашық пайдаланудағы материалдар мен геодезиялық деректерді алуға арналған электрондық өтініш; жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді тіркеу туралы мәліметтер не дара кәсіпкер

		<p>ретінде қызметін бастағаны туралы төлемді растайтын күжаттарды ("электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы төлеген жағдайда) көрсетілетін қызметті беруши ЭҮТШ арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p>
10	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздемелер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған күжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті аруды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы сottың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты сottың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының байланысты арнаулы құқығынан айрылуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге кол жеткізуге келісімінің болмауы.</p> <p>5) уәкілді мемлекеттік органдың мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы.</p>
		<p>Көрсетіletіn қыzmettі alushy aшыk пайдаланудағы мемлекеттік көрсетіletіn қыzmetke отінішті электрондық нысанда портал arқылы жібереді.</p>

	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	Таратылуы шектелген қызметтік ақпараттық мемлекеттік көрсетілетін қызметі қағаз нысанда ұсынылады. Көрсетілетін қызметті алушының ашық пайдаланудағы мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.
--	---	--

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі
2025 жылғы 16 мамырдағы
№ 229/НҚ бұйрығына

2-қосымша

Ұлттық кеңістіктік деректер
корының мәліметтерін
қалыптастыру, жинау, сактау,
пайдалану және беру
қағидаларына
3-қосымша

Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін ұсыну бойынша көрсетілетін қызметтердің бағасы

Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін ұсыну бойынша көрсетілетін қызметтердің бағасы тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне (бұдан әрі – АЕК) сүйене отырып есептеледі:

P/c №	Қызмет атавы	Өлшем бірлігі	Бірлік құны, АЕК
1	2	3	4

Геодезиялық материалдар мен деректерді ұсыну жөніндегі қызметтер

1	МГЖ бекеттерінің координаттары туралы мәліметтер ұсыну	пункт	0,2
2	МГЖ бекеттерінің координаттары туралы мәліметтер ұсыну, координаттарды бір жүйeden екіншісіне қайта есептеу	пункт	0,2
3	СК42-ден қайта есептей отырып МГЖ бекеттерінің		1,2

	координаттары туралы мәліметтер үсіну	пункт	
4	МГЖ бекеттерінің биіктігі туралы мәліметтер үсіну	пункт	0,4
5	МНЖ бекеттерінің орналасқан жерін сипаттай отырып, олардың биіктігі туралы мәліметтер үсіну	пункт	0,6
6	СД дискісіне жазумен техникалық есеп беру	парап	0,25

Картографиялық материалдар мен деректерді үсіну жөніндегі қызметтер

7	Картографиялық өнімді таңдау	парап	0,1
8	Картографиялық өнімді сканерлеу А0	парап	1,5
	A1	парап	0,7
	A2	парап	0,4
9	Картографиялық материалды түрлендіру А0	парап	1,9
	A1	парап	1,3
	A2	парап	0,6
10	Картографиялық өнімді плоттерлік басып шығару А0	парап	1,8
	A1	парап	0,9
	A2	парап	0,4
11	Картографиялық өнімдерді шығару (4-түрлі-түсті басып шығару)	парап	1,4
12	Картографиялық өнімдерді шығару (репликация 5-түрлі-түсті басып шығару)	парап	1,7
13	Картографиялық өнімдерді шығару (екі жақты 4 түрлі-түсті басып шығару)	парап	2,6
14	Картографиялық өнімді монтаждау	парап	0,2
15	Картографиялық өнімді құрастыру, бүктеу	100 парап	0,1
16	Картографиялық өнімді ламинаттау	ш.м.	0,4

17	Картографиялық өнімді CD-дискіге жазу	парап	0,5
18	Картографиялық өнімді түптеу, брошюралуа (китап катты түптеу)	(китап	0,5
19	Картографиялық өнімді түптеу, брошюралуа (китап жұмсақ түптеу)	(китап	0,4
Жерді қашықтықтан зондтау материалдары мен деректерін ұсыну жөніндегі қызметтер			
20	Аса жоғары жоғары ажыратымдылықты ортофотожоспарларды ұсыну (АФТ)	НП	1,8
21	Қайта жобалаумен ж оғ а р ы ажыратымдылықты ортофотожоспарларды ұсыну (Фарыштық сурет)	НП	2,0
22	РЦМ ұсыну	НП	2,1

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АФТ – аэрофототүсірілім;

МГЖ – мемлекеттік геодезиялық желі;

МНЖ – мемлекеттік нивелирлік желі;

НП – номерклатуралық парап;

РЦМ – рельефтік цифрлық моделі;

СК-42 – 1942 жылғы координаттар жүйесі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі
2025 жылғы 16 мамырдағы
№ 229/НҚ бұйрығына
3-қосымша

Ұлттық кеңістіктік деректер
корының мәліметтерін
қалыптастыру, жинау, сактау,
пайдалану және беру
қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігінің "Ұлттық
геодезия және кеңістіктік
ақпарат орталығы"
шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының

бас директоры

(аты, экесінің аты (бар болса)
тегі)

жеке тұлғаның аты, экесінің аты
(бар болса) тегі немесе занды
тұлғаның толық атауы)

(жеке сәйкестендіру
нөмірі/бизнес-сәйкестендіру
нөмірі), мекенжайы, байланыс
телефоны (бар болса)

**Таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың материалдары мен геодезиялық деректерді
алуға арналған өтініш**

Жеке тұлғаның аты, экесінің аты (бар болса) тегі не занды тұлғаның толық
атауы) _____

Ведомстволық және мемлекеттік тиесілігі, азаматтығы (жеке тұлғаның):

Сұралып отырған таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың мәліметтері
мен материалдардың тізбесі: _____

Мәліметтерді берудің қажеттілігі мен орындылығының негіздемесі

Жергілікті жердің геодезиялық және картографиялық зерделенгендігі туралы
мәліметтер бергені үшін көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге хабарлама
алатын мекенжай: _____

(пошта мекенжайы, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы)

Күні _____

Өтініш беруші _____

жеке тұлғаның немесе занды тұлғаның уәкілетті өкілінің аты, экесінің аты
(бар болса) тегі, қолы, мөрі (бар болса)

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэрогарыш
өнеркәсібі министрі
2025 жылғы 16 мамырдағы
№ 229/НҚ бұйрығына
4-қосымша
Ұлттық кеңістіктік деректер
қорының мәліметтерін

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігінің
"Ұлттық геодезия және
кеңістіктік ақпарат орталығы"
шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорны



қалыптастыру, жинау, сактау,
пайдалану және беру
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Республиканскоe государственное
предприятиe на праве
хозяйственного ведения
"Национальный центр геодезии и
пространственной информации"
Министерства цифрового
развития, инноваций и
аэрокосмической
промышленности
Республики Казахстан

Жеке тұлғаның аты, экесінің
аты (бар болса), тегі не
занды тұлғаның толық атауы

Дәлелді бас тарту

Нөмірі _____

20__ жылғы "___" ____





-

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Сіздің 20__ жылғы "___" ____ № _____ отінішіндегі қарап, мынадай себептермен мәліметтерді беруден бас тартады:

[Дәлелді бас тартудың себебі]

[Кол қоюшының лауазымы]

[Кол қоюшының аты, экесінің
аты (бар болса), тегі]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»
равноначен документу на бумажном носителе.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК